

ЦИФРЛЫҚ МЕДИАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абубакирова Назерке

«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
nazerke.kanatovna081@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: «Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасының
аға оқытушы Ахонова М.И.
meruerta_68@mail.ru

Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты мен мәдениеті, тарихы мен рухани әлемінің айнасы. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы бай мұра әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсетіп, тарихи тамырларын сақтауға ықпал етеді. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу ерекше маңызға ие, өйткені жастардың ұлттық бірегейлігін сақтау елдің тұрақтылығы мен дамуында маңызды рөл атқарады.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау – бұл тарихи немесе мәдени ақпаратты жеткізумен қатар, халықтың рухани және адамгершілік қағидаларын жас ұрпақтың санасына сіңіру. Әрбір халықтың салт-дәстүрлері, мәдениеті мен тарихи ескерткіштері арқылы оның дүниетанымы мен құндылықтары көрініс табады.

Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өзіндік болмысын түсініп, өз халқының мәдениеті мен тарихына деген құрметін арттыруға ықпал етеді. Мысалы, қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенді сыйлау, табиғатпен үндесіп өмір сүру сияқты дәстүрлері арқылы жастар адамгершілік қағидаларды түсініп, оларды өз өмірлерінде қолданады [1].

Ұлттық құндылықтарды дәріптеудің тағы бір маңыздылығы – отансүйгіштік сезімін нығайту. Жас ұрпақ өз елінің мәдениеті мен тарихын терең түсінгенде, оның болашағына жауапкершілікпен қарап, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында еңбек етуге дайын болмақ. Бұл бағытта дәстүрлі медиа (теледидар, радио, баспасөз) ұлттық құндылықтарды кең аудиторияға жеткізудің негізгі арналарының бірі екені белгілі. Телебағдарламалар, деректі фильмдер мен мәдени-ағартушылық жобалар арқылы халықтың тарихи мұрасы, салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтары насихатталып келеді. Мұндай контент ұлттық сананы қалыптастыруға және ұрпақтар сабақтастығын сақтауға ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтарды көпшілікке жеткізудің тағы бір тиімді әдісі – мәдени іс-шаралар. Ұлттық мерекелер, фестивальдер мен көрмелер ұлттық мәдениеттің байлығын халыққа көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Наурыз мейрамы» кезінде ұлттық киімдер киіп, дәстүрлі тағамдарды ұсыну, ұлттық ойындар ойнау сияқты шаралар жастардың бойында мәдени мұраға деген қызығушылық пен мақтаныш сезімін тудырады [2]. Сонымен қатар, театрландырылған қойылымдар, ұлттық ән-күйлер мен би өнері жастарды рухани байытады.

Ал бүгінгі ақпараттық технологиялар дәуірінде медиа ұлттық құндылықтарды насихаттаудың қуатты құралына айналды. Жаңа медиа және цифрлық платформалар (әлеуметтік желілер, блогтар, стриминг сервистер) ұлттық құндылықтардың таралу аясын кеңейтті. Қазіргі таңда жастар арасында ұлттық мәдениет элементтері қысқа видеолар, подкасттар, инфографика және мультимедиялық өнімдер арқылы танымал болуда. Бұл ұлттық мазмұнның жаңа форматта ұсынылуына және оның заманауи аудиторияға бейімделуіне жол ашады. Сонымен қатар, қолданушылардың өздері контент жасауға ұмтылып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға белсенді қатысады.

Цифрлық трансформация жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауда бірқатар сәтті тәжірибелер мен инновациялық тәсілдер қалыптасып келеді. Бұл кейстер ұлттық кодты заманауи форматта бейімдеудің тиімді жолдарын көрсетіп, медиакеңістіктегі жаңа мүмкіндіктерді айқындайды. Бұл бағытта цифрлық архивтеу және мәдени мұраны онлайн форматта ұсыну мақсатында табысты жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, тарихи құжаттар, қолжазбалар, фольклорлық мұралар мен өнер туындылары цифрландырылып, ашық платформаларға орналастырылуда. Бұл ұлттық мәдениеттің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, оны халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілер мен мультимедиалық платформаларда ұлттық мазмұнды креативті түрде ұсыну кеңінен таралуда. Қысқа бейнероликтер, storytelling форматындағы жобалар, подкасттар мен анимациялық контент арқылы ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар жаңа буынға түсінікті әрі тартымды түрде жеткізілуде. Әсіресе, инфлюенсерлер мен контент жасаушылардың қатысуы бұл үдерісті жеделдетіп, аудиториямен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Білім беру саласында инновациялық цифрлық шешімдер енгізілуде. Онлайн курстар, интерактивті платформалар және мобильді қосымшалар арқылы ұлттық тарих, мәдениет және тіл үйрету жаңа деңгейге көтерілді. Бұл тәсілдер білім алушылардың қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды меңгерудің тиімділігін жоғарылатады.

Әсіресе геймификация элементтерін қолдану, ұлттық мәдениетке негізделген ойындар, викториналар мен интерактивті тапсырмалар қолданушыларды белсенді қатысуға ынталандырып, білімді ойын арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жас аудитория үшін тиімді әдіс ретінде танылып отыр.

Жасанды интеллект пен үлкен деректер технологияларын пайдалану арқылы ұлттық контентті талдау, іріктеу және жекелендіру мүмкіндігі артуда. Бұл пайдаланушыларға өз қызығушылықтарына сәйкес ұлттық мазмұнды ұсынуға және оның таралу тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мысалы, ұлттық тағамдардың жасалу әдістерін бейнелейтін видеолар немесе халық әндерін үйрететін онлайн курстар жастардың қызығушылығын арттырып, оларды ұлттық мәдениетке жақындатады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті мен өнері туралы подкасттар немесе интерактивті мобильді қосымшалар арқылы жастарға ұлттық құндылықтар туралы ақпаратты заманауи форматта жеткізуге болады.

Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы деректеріне сүйенсек, 16-25 жастағы тұрғындардың 90%-дан астамы компьютер, ноутбук, планшет пайдаланады. Олардың 96,2%-ы мобильді қосымшалар арқылы ғаламторға қол жеткізген, 92,8%-ы жоғары деңгейдегі цифрлық сауаттылыққа ие [3]. Осыдан-ақ жастардың күнделікті өмірінде интернет пен заманауи технологиялардың маңызды рөл атқаратынын байқалады. Айталық, смартфон, ноутбуктер мен планшеттерді қолдану, әлеуметтік желілерге қатысу, ақпараттық және білім беру ресурстарын пайдалану кеңінен таралған. Бұл қазіргі жастардың цифрлық сауаттылығын ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени интеграциясына ықпал ететінін де көрсетеді.

Соңғы жылдары кеңінен танымалдыққа ие әлеуметтік медиа кеңістігінде жаңа коммуникациялық құбылыстар пайда бола бастады [4]. Әсіресе бейнеконтенттердің таралуы барысында қолдау білдіру, реакция көрсету сынды жаңа әлеуметтік тенденциялар қалыптасты. Бұл платформалардың көрермен назарын ұзақ уақыт сақтап тұруына және пайдаланушыларды белсенді әрекетке тартуына ықпал етеді. Пайдаланушылардың басым бөлігі өзінің эмоциясын пікірлер арқылы білдіріп, өз жазбасына басқалардың қандай реакция танытатынын да бақылап отырады. Бұл жағдай әлеуметтік медиадағы қарым-қатынасты дәстүрлі ақпарат алмасудан гөрі эмоционалды тәжірибеге жақындатады.

Нәтижесінде, платформаларда жеңіл әрі тез тұтынылатын тақырыптардың кеңінен талқылануы байқалады. Яғни эмоция арқылы берілген ақпарат пайдаланушыға шынайырақ әсер етіп, оның әлеуметтік кеңістіктегі пікірін қалыптастыруға үлес қосады. Мұның

барлығы жастардың ақпаратты қабылдау мәдениетінде рационалды талдаудан гөрі эмоционалды реакцияның басым екенін аңғартады.

Қазіргі уақытта TikTok платформасындағы контенттік аспектілерді талдау барысында, таралатын ақпараттың нақты контексін және оның географиялық орналасуына байланысты ерекшеліктерін анықтауға болады. Платформаның тек жаңалық тарату құралы ғана емес, сонымен бірге пайдаланушылардың наным-сенімдері мен құндылықтарына байланысты ақпаратты кеңінен тарататын алаңға айналғаны байқалады. Сондықтан TikTok жастардың ақпаратты тұтыну үлгісін түсінуге мүмкіндік беретін маңызды феномен болып отыр. Мысалы, ақындар айтысынан үзінділер TikTok желісінде мындаған көрілім жинап, бірнеше күннің ішінде кеңінен таралды. Бұл бейнематериал жастар тарапынан ерекше қызығушылыққа ие болып, ұлттық өнердің жаңа медиадағы көрінісі ретінде оң қабылданды. Пікірлердің басым бөлігі айтыскерлердің суырып салмалығы мен сөз шеберлігін жоғары бағаласа, аз ғана сын пікірлер де кездесті. Мұндай құбылыс айтыстың дәстүрлі сахнадан цифрлық ортаға бейімделіп, жастарға қолжетімді форматта ұсынылып жатқанын көрсетеді.

Жыраулар поэзиясына қатысты жарияланған қысқартылған толғаулардың бейнематериалдары орташа деңгейде таралса да, тұрақты аудиториясын қалыптастырған. Ересектер жыраулардың мұрасын жылы қабылдап, тарихи-танымдық мәніне назар аударса, жастар арасында белсенді пікірталас аса байқалмайды. Дегенмен бұл үлгі ұрпақ сабақтастығын сақтап, тарихи сананы жаңғыртуда маңызды рөл атқарады [4].

Ал халық әндеріне қатысты бейнероликтер, әсіресе жас орындаушылардың кавер-нұсқалары жиі трендке еніп, кеңінен таралады. Жастар бұл туындыларды жаңа аранжировкада оң қабылдап, пікірлерде мақтау басым көрінеді. Мұндай жағдай қазақтың музыкалық мұрасын заманауи медиалық форматқа бейімдеп, мәдени кодтың сақталуына және жастар арасында насихатталуына ықпал етеді.

Салт-дәстүр тақырыбына арналған бейнематериалдар да аудиторияға кеңінен таралып, жоғары қызығушылық тудырып отыр. Бесікке салу, тұсаукесер рәсімдері сияқты дәстүрлерді көрсететін видеоларды ата-аналар да, жастар да белсенді қарайды. Өз парақшаларында отбасындағы қуанышты сәттерді (қыз ұзату, беташар, бесікке салу, тұсаукесер т.б.) көпшілікпен бөліседі. Оған жазылушылары пікірлерін білдіріп, қуаныштарымен құттықтап, өз ойларын жазады. Пікірлерде дәстүрдің тәрбиелік мәні жиі аталып өтсе, кейбір қолданушылар оны «ескілік» ретінде сынға алған. Соған қарамастан, мұндай контент ұлттық қасиетті нығайтып, мәдени бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады.

Біз үшін ұлттық құндылықтарымыз – тіл, дін, діл, тарих, ұлттық код, мәдени-рухани мұра, дәстүр, отбасы құндылығы. Сонымен қатар, адалдық, еңбекқорлық және ортақ жауапкершілік секілді жалпы адамзаттық ұғымдар да айрықша мәнге ие. Заманның жедел дамуына байланысты кейде мұның барлығын көненің көзі ретінде ғана қарайтындар табылады. Бірақ, құндылықтар – өткеннің ғана емес, болашақтың да қуатты өзегі. Ұлттық құндылықтар – құбылмалы әлемдегі біздің ұлттық иммунитетіміз.

Цифрлық медиада оларды келесі бағыттар бойынша жіктеуге болады:

1. Тілдік құндылық: Қазақ тілді интерфейс, подкасттар, мемдер.
2. Тарихи таным: Деректі роликтер, интерактивті карталар.
3. Этикалық нормалар: «Ұят», «Обал», «Сауап» ұғымдарын заманауи контексте түсіндіру.

“Әлеуметтік желі арқылы нақты, қажетті ақпараттан бөлек, көрермендерге жекелей салт-дәстүр, ұлт, ел, жер тақырыптарына қатысты түрлі мәліметтерді таратуға мүмкіндік береді. Мұны тек қазақстандық ғалымдар ғана емес, әлемдік тәжірибе де мойындаған. Дегенмен, ақпаратты қабылдауда жас ерекшелігіне байланысты шектеулердің болмауы балалардың жалған немесе пропагандалық ақпаратқа сенуіне алып келуі мүмкін. Осыны ескере отырып, ақпаратқа қол жеткізу барысында ұлттық танымды арттыратын контентті көбірек таратуға назар аудару қажет” [4].

TikTok пен басқа да қысқа бейнеплатформалар дәстүрлі мәдениеттің жаңа медиадағы өміршеңдігін көрсетеді. Айтыс, жыраулар поэзиясы, халық әндері мен салт-дәстүр бейнелері әртүрлі аудиторияға бағытталса да, барлығы ұлттық кодты сақтауға қызмет етеді. Бұл құбылыс - мәдени мұраның трансформациясы мен медиалық кеңістіктегі жаңа форматы.

Медиакеңістікте ұлттық тілдің рөлі ерекше. Тіл – ұлттық кодтың өзегі болғандықтан, оның медиада қолданылу деңгейі ұлттық бірегейліктің сақталуына тікелей әсер етеді. Қазақ тіліндегі сапалы контенттің артуы, цифрлық платформаларда тілдің кеңінен қолданылуы ұлттық мәдениеттің дамуына оң ықпал етеді. Алайда жаһандық медианың ықпалы нәтижесінде шет тілдерінің басым болуы ұлттық тілдің қолданыс аясын тарылтуы мүмкін, бұл өз кезегінде маңызды мәселелердің бірі.

Сонымен қатар, медиа ұлттық құндылықтарды тек насихаттаушы емес, сонымен бірге оларды қайта интерпретациялаушы орта. Заманауи медиада дәстүрлі мәдени элементтер жаңа мазмұнда, жаңа стильде ұсынылып, кейде коммерциялық мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Бұл үрдіс ұлттық мәдениеттің танымалдылығын арттырса, екінші жағынан оның мазмұндық тереңдігіне әсер етуі де ықтимал.

Ұлттық құндылықтардың медиадағы көрінісі көпқырлы және динамикалық сипатқа ие. Медиа кеңістік ұлттық кодты сақтаудың және оны жаңа деңгейде дамытудың маңызды алаңы. Сондықтан ұлттық құндылықтарды медиада тиімді әрі сапалы көрсету, оларды цифрлық форматта бейімдеу және қорғау қазіргі қоғамның өзекті міндеті.

Цифрлық трансформация жағдайында ұлттық құндылықтарды медиада сақтау және дамыту үдерісі бірқатар күрделі мәселелер мен кедергілерге тап болуда. Бұл проблемалар технологиялық, тілдік, мәдени және институционалдық факторлармен тығыз байланысты. Айталық:

- Жаһандану ықпалының күшеюі [5] ұлттық ақпараттық кеңістікте шетелдік контенттің басым болуына алып келді. Әсіресе, халықаралық цифрлық платформаларда шет тіліндегі өнімдердің көптігі отандық мазмұнның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Бұл жағдай ұлттық құндылықтардың екінші қатарға ығысуына және жастардың мәдени бағдарларының өзгеруіне әсер етуі мүмкін.

- Ұлттық тілдегі сапалы цифрлық контенттің жеткіліксіздігі де маңызды мәселе. Қазақ тілінде ұсынылатын ғылыми, танымдық, ойын-сауық және білім беру контентінің көлемі мен сапасы кей жағдайда аудитория сұранысына толық жауап бере алмайды. Нәтижесінде қолданушылар шет тіліндегі ақпаратқа жүгінуге мәжбүр, бұл ұлттық тілдің қолданыс аясын шектейді.

- Цифрлық сауаттылық деңгейінің әрқелкілігі де кедергі келтіреді. Қоғамның барлық топтары бірдей деңгейде цифрлық технологияларды тиімді пайдалана алмайды. Бұл әсіресе аға буын мен ауылдық аймақтардағы тұрғындар арасында байқалады. Осыған байланысты ұлттық құндылықтарды цифрлық ортада кеңінен тарату мүмкіндігі толық жүзеге аспай отыр.

- Медиаконтенттің коммерциялануы ұлттық мәдениеттің мазмұндық сапасына әсер етуі мүмкін. Көп жағдайда рейтинг пен қаралым санын арттыру мақсатында жеңіл, үстірт контентке басымдық беріледі. Бұл ұлттық құндылықтардың терең мағынасы мен тәрбиелік әлеуетінің әлсіреуіне алып келуі ықтимал.

- Авторлық құқықтың сақталмауы және цифрлық қауіпсіздік мәселелері де маңызды кедергілер қатарында. Ұлттық мәдени мұралардың заңсыз таралуы немесе бұрмалануы олардың түпнұсқалық сипатына нұқсан келтіреді. Сонымен қатар, ақпараттық кеңістіктегі фейк ақпараттар мен манипуляциялық контент ұлттық санаға кері әсер етуі мүмкін.

- Контенттің бәсекеге қабілеттілігі. Global контентпен (Netflix, TikTok трендтері, Marvel) бәсекелесу қиын. Ұлттық контент көбінесе «насихаттық» (пропагандалық) сипатта болып, жастар үшін тартымсыз көрінеді.

- Тілдік кедергі және алгоритмдер. YouTube немесе Instagram алгоритмдері көбіне көп тілді немесе орыс/ағылшын тілді контентті ілгерілетеді. Қазақ тілді контенттің аудиториясы шектеулі болып қалуда.

- «Архаикалық» тұзақ. Ұлттық құндылықтарды тек домбырамен немесе киіз үймен байланыстыру - қателік. Бұл жастардың санасында «ескірген дүние» деген ой қалыптастырады.

Мұндай кедергілерді шешудің қандай жолдары бар десек, төмендегідей инновациялық тәсілдерді ұсынуға болады.

- Визуалды эстетика: Ұлттық нақыштағы заманауи дизайн (мысалы, қазақстандық анимациялық жобалар).

- Геймификация: Ұлттық тарихқа негізделген ойындар.

- Influencer Marketing: Танымал блогерлердің ұлттық киімді, тағамды немесе салт-дәстүрді тренд ретінде ұсынуы. Цифрлық медиада ұлттық құндылықтарды насихаттауды күшейту үшін:

- Сапалы контент өндіру. Тартымды әрі заманауи форматтағы бейне, подкаст, инфографика жасау.

- SMM стратегияларын қолдану. Әлеуметтік желілерде мақсатты аудиторияға бағытталған контент тарату.

- Инфлюенсерлерді тарту. Танымал тұлғалар арқылы ұлттық мәдениетті насихаттау.

- Білім беру жобаларын дамыту. Онлайн курстар мен платформалар арқылы ұлттық тарих пен мәдениетті таныту.

- Мемлекеттік қолдау. Ұлттық контентті қаржыландыру және қолдау бағдарламаларын іске асыру.

Сонымен, ұлттық болмысты, салт-дәстүрді және халық ауыз әдебиетін цифрлық контент арқылы жастарға жеткізу олардың санасында мәдени мұраға деген оң көзқарасты қалыптастыра алады. Мәселен, қазақтың дәстүрлі өнерінің бір көрінісі ретінде ақындар айтысын әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау жасөспірімдердің ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі медиаконтентті ұлттық құндылықтармен ұштастыра ұсыну, жас ұрпақтың ата-баба мұрасын жалғастырушы ретінде қалыптасуына ықпал ететіні айқындалды. Бұл әлеуметтік медиа кеңістігінің тек қана жаһандық мәдени ықпалдарға емес, сонымен қатар ұлттық рухани мұраны жаңғыртуға да мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Осылайша, әлеуметтік мессенджерлер мен платформаларда таралған ұлттық мазмұндағы контентті талдай отырып, ұлттық мазмұндағы контентті қабылдайтын аудиторияның бар екендігі анықталды. Бұл – ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бағытталған жобаларды қолдау мен дамытудың өзектілігін дәлелдейді. Оған қоса ұлттық құндылықтарға негізделген контентті кең аудиторияға жеткізуде блогерлер мен ықпал етуші тұлғалардың (influencer) рөлі ерекше. Сол себепті олардың әлеуетін пайдалану арқылы ұлттық мазмұнды кеңінен таратып, қоғамның мәдени санасын арттыруға мүмкіндік бар.

Қорыта айтқанда, цифрлық медиа ұлттық құндылықтарды насихаттаудың тиімді құралы бола алады. Алайда бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Сапалы контент қалыптастыру, тілдік саясатты дамыту және жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы ұлттық мәдениетті сақтап, оны жаңа деңгейде танытуға мүмкіндік бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезов М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Алматы: Атамұра, 2020.
2. Сәтпаева Қ. «Ұлттық құндылықтарды насихаттау жолдары». Білім және Ғылым журналы, 2021.
3. Stat.egov.kz
4. Н.Ж. Жансерікова, А.А. Бейсенқұлов, Н.Қ.Қуантаев “ТікТок-тағы бейнеконтенттің жастарға ықпалы: ұлттық бірегейлік пен мәдени коммуникация”,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ, №3 (152)/2025, 99 бет.

5. Қазақстан Республикасының «Масс-медиа туралы» Заңы (2024 ж. редакциясы).